

СОТ ЖҮЙЕСІ БЮДЖЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ҰСЫНЫЛДЫ



Парламент Мәжілісінің кезекті, жалпы отырысында үш заң жобасы қаралды. Еліміздің сот жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған бұл құжаттар депутаттардың бастама-сымен дайындалыпты. Олардың бірі – «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы.

(Соңы 3-бетте)



ҚАРЫЗ ҚАЙТАРЫЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

4-бет



ҚАРА ПАКЕТІҢ «ҚҰПИЯСЫ»

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ирина КАПАНОВА,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс
қызметінің басшысы:

«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ»



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының басым бағыттарының бірі болып табылатынын атап айтқан болатын. Бұл бағытта елімізде бірқатар маңызды міндеттер жүзеге асырылды: қарамағындағы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтары үшін басшыларын жұмыстан босату заңнамалық тұрғыда енгізілді, нормативті-құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сараптама жасау жұмысы күшейтілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің институты енгізілді, тағы басқа көптеген жұмыстар атқарылды.

(Соңы 5-бетте)

ПӘРМЕН

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жазасын өтеп жатқан еліміздің бірқатар азаматтары рақымшылыққа ілінуі мүмкін. Бұл жөнінде кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасын қарау барысында белгілі болды. Жаңа құжатты депутаттар алдында қорғаған Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, мақсат – онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жазадан босату, кейбір ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазаның мерзімін қысқарту. Рақымшылық – ардагерлерге, көмелетке толмағандарға, жасы үлкендерге, 1 және 2-топтағы мүгедектерге, сондай-ақ, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға қолданылады.

Жалпы, елімізде бүгінгі таңда 64 мекеме мен 16 тергеу изоляторында 34 мың адам бар. Олардың арасында 30 мың азаматқа сот үкімі шықса, қалған 4 мың адам тергеу мен қамауда отыр. Сотталғандардың 93 пайызы ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас еркінен айырылғандар болса, 45 пайызы бірнеше рет сотталғандар. Сонымен қатар 32 мың адам пробациялық бақылауда тұр.

Аталмыш заң жобасы негізінде 2 236 сотталушыға, 11 310 пробацияда тұрған адамға рақымшылық жасау көзделуде. Соның арқасында біріншіден 1 мың адам қамаудан шығып, 3 818 адам пробациялық бақылаудан босатылады. Екіншіден,

РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНЕТІН САНАТТАР АНЫҚТАЛДЫ

1 294 сотталушыға, 7 492 пробацияда тұрған адамға, яғни барлығы – 8 786 адамға жаза мерзімі қысқартылады. Үшіншіден, сотқа дейінгі тергеу өндірісіндегі 5 мың қылмыстық іс жабылады. Оның ішінде 1674 адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылып, 1471 адамға сот органдары жаза мерзімін қысқарту немесе босату ережелерін қолданады. Ал аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға Қылмыстық кодекстің 78-бабына сәйкес, рақымшылық қарастырылмаған.

Сөз алған депутаттар заң жобасында айқындалған талаптардың азаматтар мен мемлекеттің, оның ішінде азаматтардың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін сотталғандарды босатуға мүмкіндік беретінін атап көрсетті. Бұл ретте азаматтардың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына, көмелетке толмағандарға (қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде), әйелдер мен егде жастағы еркектерге, 1 және 2-топтағы мүгедектерге және қоғамға зор қауіп төндірмейтін басқа да адамдарға ерекше назар аударылған. Азаматтардың осы санаттарының барлығына рақымшылық жасалады.

Бұл қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде

ұсталатын адамдардың санын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар құжат қолданысқа енгізілгенге дейін онша ауыр емес және орташа қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың жасаған қылмыстары туралы соттар қарамаған қылмыстық істерді тоқтатуға негіз болады.

Арнайы құрылған жұмыс тобы шеңберінде талқылау кезінде депутаттар тарапынан заң жобасына бірқатар нормаларды «Ардагерлер туралы» заңға сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізілді. Олар әлеуметтік жағынан әлсіз адамдарға Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлерін, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерін, еңбек ардагерлері мен басқа да адамдарды жатқызуды көздейді. Сондай-ақ, жұмыс тобы асырауында 18 жасқа дейінгі ғана емес, олардың жасына қарамастан, яғни 18 жастан асқан бала кезінен мүгедек балалары бар адамдарға да рақымшылық жасауды қолдануды нақтылайтын түзетулер жасады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

ОЙ ТАЛҚЫ

Азаматхан ӘМІРТАЙ, «Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының төрағасы, саясаткер:

– Елдегі жол-көлік қауіпсіздігі шараларына біздің көңіліміз толмайды. Ол қамтамасыз етілу үшін ең алдымен жол инфрақұрылымы дұрыс жасалу керек. Тек екі қатарлы жол болатын болса ол жерде әрине жол-көлік апаты көп болады. Мысалы, Алматы мен Қордайдың арасындағы жолдың салынып жатқанына 6 жыл болды. Нұр-Сұлтан мен Алматының арасындағы жолдың сапасы да еш сын көтермейді.

Екінші, онда жол айрықтары, жол белгілерінің бәрі дұрыс болу керек. Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер жүретін жол өте аз.

Жол-көлік оқиғалары туралы сөз болған кезде бізде көп жағдайда жолда жүру ережесі туралы айтылады да, инфрақұрылым мен өзге де қауіпсіздік шаралары назардан тыс қалып жатады. Бұл туралы сарапшылар пікірі қандай?

Сәбит АМАНБАЕВ, Қазақстан Автокөлікшілер одағының атқарушы директоры:

– Жол-көлік оқиғаларын азайту мемлекеттік мәселе болып табылады. Біз өткен жылдары жолдағы адам өлімі бойынша Еуразияда бірінші орын алдық, 100 мың тұрғынға шаққанда 24 өлімнен келген. Бұрынғы кеңестік республикалардың бірі саналатын Эстонияда ол 7 адамды құрады. Бұл айырмашылық жолдағы қауіпсіздік саясаты дұрыс орындалмай жатқанының көрінісі.

Жол-көлік оқиғасы мен ондағы адам өлімін азайту үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама бекітілсе, жол ережесін сақтауды балабақшадан бастау керек. Тұрғындарға үгіт-насихат жұмысы ұдайы жүргізіліп, қауіпсіздік шараларын ескертіп отыру қажет.

Содан кейін, тағы бір айта кететін маңызды нәрсе, біздің уәкілетті органдар өз міндеттерін орындай алмай жатыр.

(Соңы 3-бетте)

СОТҚА СЕНІМ БАР ЖЕРДЕ БЕДЕЛ АРТАДЫ



Аманбек ҚАЛПАКОВ,
Маңғыстау облысы бойынша Соттар
әкімшісінің басшысы

Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын жер-жерде атап өтіп жатыр. Осындай мерейлі сәтте өткенге көз салсақ, еліміздің талай сындарлы, соқпақты жолдан өтіп, бүгінгідей өркениетті де тұрақты әрі бейбіт кезенге қол жеткізгенін көреміз.

Барлық саланы салыстыра келе, бағамдайтын болсақ, жеткен жетістіктеріміз менмұндалап шыға келетіні анық. Соның ішінде сот жүйесіндегі реформаның нәтижелері көпшіліктің көз алдында.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен-ақ үздіксіз даму жолына түскен сот жүйесі биліктің бір тармағы болып танылды да, әлемдік стандарттарға сай сапалы қызмет атқаруға мойын бұрды. Әрине, барлық өркениетті, экономикасы дамыған, озық елдерде заң қатаң сақталып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары сот арқылы қорғалады. Заңын сыйлаған, тәртіп орнаған ел үшін дамуға кедергі жоқ.

Мемлекет саясатының арқасында бізде де сот жүйесіне көңіл бөлініп, әрдайым реформаларды жетілдіру, сөйтіп заң үстемдігін құру колға алынды.

Кеңес Одағы тарасымен бұрынғы ескі заңдар базасы толықтай жаңартылды. Алғаш Ата Заңымыз қабылданды, одан бастау алатын өзге заңдар да қолданысқа ене бастады. Десе де, уақыт өте келе әрі заңдарды қолдану практикасында оларды толықтыру және жетілдіру керектігі анықталып, әрқайсысына сауатты түрде заман талабына сай толықтырулар мен түзетулер енгізілді.

Судьялар ел Президентінің жарлығымен тағайындалып, оларға жоғары статус берілді. Республика бойынша мамандандырылған соттар құрылып, істі қарау сапасы мен мерзіміне көңіл бөлінді. Биыл І шілдеден бастап кезекті әрі ең маңызды мамандандырылған әкімшілік соттар құрылып, іске кірісті. Әрине барлық соттардың уақытпен үндестік тауып, талапқа сай қызмет атқаруы материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне де байланысты.

Республика соттарының қызметін ұйымдастыру, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне жүктелген. Департаментке қарасты Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі өңір соттарының материалдық-техникалық, кадрлық және ұйымдастыру мәселелеріне қатысты барлық жұмысты жүзеге асыруда. Ең алдымен жергілікті соттар еңселі ғимараттарға көшіріліп, толық материалдық-техникалық жабдықтармен қамтылды. Бүгінде егемендіктің ақ таңының арқасында алғаш қызметте қолданылған механикалық жазу машиналарының орнын толығымен компьютерлер алмастырды. Құжат айналымы 100 пайыз электронды жүйеге өтті. Сот отырыстарына шақыру үшін бұрын үй-үйге хат таратылса, қазір телефон нөмірлеріне смс-хабарлама жіберіледі. Тіпті, соңғы жылдары техниканың қарыштап дамығаны сонша, сот ғимаратындағы техникалар сот отырыстарын қашықтан өткізуге мүмкіндік берді. Азаматтар шет елден де, шалғай ауылдан да процеске кедергісіз қатысады. Пандемия жағдайына байланысты барлық процестер онлайн жүргізіліп, тараптар мобильді қосымшалар арқылы қосылатын болды. Ол үшін сот залдарына мобильді бейнекамера, жоғары жылдамдықтағы интернет орнатылды.

Шын мәнінде, әр соттың қарапайым қалам мен қағазынан бастап, есеп-қисап жұмысы, жылумен уақытылы қамтылуы, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, техникаларды жаңартып, жөндеп отыру – мұнын барлығын сапалы ұйымдастыру сырт көзге көрінбегенімен, жүгі ауыр жұмыс. Сот ғимараттарына ақпараттық мағлұматтар ілу, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау, пандус орнату да өз ретімен шешілген. Соттардың күту залдарына ақпараттық, хабарламалық арнайы бейнероликтер түсіріліп, орнатылады.

Бүгінде соттардың бірқатары фронт-офистермен жабдықталды. Яғни, мұнда кеңес беруші, медиатор, адвокат отырып, сотқа келушілерге жөн сілтейді.

Соттардың атқарып отырған әр жұмысы, қараған әр ісі туралы толық ақпараттар облыстық соттың ресми сайтында жарияланады. Судьялар мен сот қызметкерлерінің тұрақты шығып тұратын мақалалары мен сұхбаттарын көпшілік өзі көріп жүр. Сондай-ақ, қазір соттардың БАҚ-пен байланысын үйлестіруші судьялар Фейсбук желісінде өз аккаунттарын ашып, сотқа қатысты түскен сұрақтарға дер кезінде ден қоюда. Сот хатшыларының Whatsapp желісіндегі телефон нөмерлері әлеуметтік желілер арқылы көпшіліктің назарына жеткізілуде. Сонымен қатар, мәжіліс залдарына бейнебайланыс жүйесі орнатылып, барлық іс шаралар тұрақты түрде қашықтан қосылу арқылы өткізілуде. Бұл карантин жағдайында соттардың кедергісіз жұмыс жасауына үлкен мүмкіндік берді.

Міне, осы жағдайлардың барлығы сотқа келетін азаматтар үшін қолайсыздықтың жолын кесуге бағытталған. Елдің әр азаматы өз құқықтары мен бостандықтарын ешбір кедергісіз тәуелсіз соттарда қорғай алуы керек. Бүгінде азаматтардың Конституция кепілдік беретін қорғалу құқығын сот арқылы жүзеге асыруы, жаңа ақпараттық заманауи технологияларды белсенді енгізу, сот төрелігінің сапалы және нәтижелі атқарылуына мүмкіндік беретін мәселелер шешімін тапты. Соттардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуде атқарылған әр игі іс азаматтардың сотқа сенімін қалыптастыруға, сол арқылы сот беделін арттыруға бағытталған.

лыққа жолдау арнау дәстүрге айналған.

Бұған дейін, Тұңғыш Президент Н.Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына жолдау жасап, елдің алдағы уақытта атқарылатын ауқымды істерін анықтап берген.

Нәтижесінде, әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасының даму жолындағы «Назарбаев моделін» мойындап отыр.

Ал, Президент Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған алғашқы жолдауы қоғам өмірінің негізі болып табылатын экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени-рухани салаларындағы өзекті мәселелерді толығымен қамтыған еді. Президенттің одан кейінгі жолдаулары да тікелей ел өмірін жақ-

сарту, салауатты өмір салты, әділетті қоғамды нығайту міндеттерінен тұрады.

Бүгінде елімізде сот саласын жетілдіруге байланысты көптеген іс-шаралардың атқарылып жатқаны белгілі.

Осы орайда, Президент алғашқы жолдауында да, қылмыстарға қатысты жазалау шаралары туралы кеңінен мәлімдеген болатын. Яғни, жедел түрде сексуальды зорлық, педофильдер мен есірткі таратушылар, адам саудасы, әйелдерге тұрмыстық зорлық көрсету, жеке тұлғаға қатысты қылмыстар, оның ішінде балаға қатысты қылмыс жасаушыларға жазаны күшейту керектігін айтты.

Ауыр қылмыстар үшін жазаны қатаңдату, азаматтық, қоғамды қолдау, саяси трансформацияны жалғастыру, ішкі

істер органдарын реформалау секілді осы және басқа да өзекті мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, заманауи тиімді мемлекет құруға, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, аймақтар мәселесі туралы да атап өтті.

Біздің елде азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән берілген.

Ол үшін азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды күшейтудің шешуші факторы сот және құқық қорғау жүйесін терең реформалау керек екендігі айтылды.

Қазіргі уақытта азаматтар арасында саяси белсенділік өте жоғары.

Қоғам қатты өзгерді, құқық сауат-

қарағанда, талаптың ұйғарымдылығы, тексеру көлемі, оның іс бойынша өтуі талаптың нақты түрін тандауға байланысты екенін ескеру керек.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерін, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Кодексте, қазіргі уақытта қолданылып жүрген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңға қарағанда, өтінішті мемлекеттік органға келіп түскен сәттен бастап өтініш берушіге жауап жолдағанға дейінгі оны қарау процесінің барлық кезеңдері, сондай-ақ, шағым жасаудың бүкіл рәсімі неғұрлым нақты регламенттелген.

Айта кеткен жөн, мұндағы жаңашылдықтардың бірі – енді өтініш берушінің оның өтінішін қараудың әрбір кезеңіне, оның ішінде түпкілікті шешім қабылдауға қатысуға құқығы бар. Демек, хабарламаларды, ұсыныстарды, пікірлерді және сұрау салуларды қарау оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылады.

Корыта айтқанда, «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңға қарағанда, жаңа кодексте дауларды әкімшілік әділет тәртібімен шешу реттеледі, яғни өтініштерді әкімшілік органның немесе лауазымды тұлғаның ғана қарауы және жоғары тұрған әкімшілік органдарға шағымдану рәсімі емес, сондай-ақ шағымдарды мемлекеттік соттардың кейіннен қарауы (әкімшілік сот ісін жүргізу) көзделген. Демек, әкімшілік әділетті енгізу құқықтық мемлекетті дамытуда маңызды қадам болуға және Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімділігін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге тиіс.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



ҚҰЖАТТА ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСЫМ



Салауат МӘЛІК,
Нұр-Сұлтан қаласы
Қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы

Әлемдік тәжірибеде кез келген Мемлекет басшысы лауазымдық қызметіне кіріскеннен кейін, мемлекетті басқару, дамыту стратегиясын айқындап ха-

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ

тылығы жоғарылады. Еліміздің тыныс-тіршілігінің барлық салалары бойынша бүгінгі күннің өткір мәселелеріне терең талдаулар жасалды.

Халықтың әл аухатын жақсарту, денсаулығын сақтау бойынша жұмысты жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударылды. Келесі мемлекеттік деңгейде атқарылуы тиіс негізгі міндеттің бірі – азаматтық қоғамды нығайту және қолдау.

Бұл жолдаулар еліміздің қоғамдық-саяси әлеуметтік өміріндегі жаңғырудың жаңа кезеңдерінің басталғандығын көрсетеді.

Біздің міндет заманауи тиімді мемлекет құру жолында азаматтық жауапкершілігімізді арттырып, ел игілігі үшін бірлесе еңбек ету.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТ ЖҮЙЕСІ БЮДЖЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ЖАҢА МОДЕЛІ
ҰСЫНЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл тақырып бойынша баяндама жасаған Палатаның заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Назила Раззактың айтуынша енгізілмек жаңалықтар судьялардың кәсібилігін, сондай-ақ, жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыруды көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін құжатта екі бағыт бойынша мәселелер айқындалды.

Оның бірі, сот жүйесін қаржыландыруға байланысты. Бұл мәселенің назарға алынуы соттардың қаржылық дербестігі сот билігі тәуелсіздігінің бірден бір кепілі болуымен байланысты. Заң жобасында халықаралық тәжірибеге сәйкес, сот жүйесі бюджетінің мөлшерін пайызбен белгілеу ұсынылды. Бұл сот жүйесі бюджетін қалыптастырудың жаңа моделі. Сот жүйесіне жұмсалатын шығыстар 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша барлық мемлекеттік органдар шығыстарының кемінде 6,5 пайызын құрауға тиіс. Негізінде қаржыландырудың деңгейлері мен бағыттарын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы айқындайды. Оған барлық соттардың судьялары кіреді және Есеп комитетінің бақылауы сақталады.

Тағы бір бағыт – судьялық кадрларға байланысты. Бүгінде сот жүйесіне кәсіби мамандарды тарту өзекті болып отыр. Мемлекет басшысының бұл жөнінде нақты тапсырмасы да бар. Назила Раззактың айтуынша, аталмыш заң жобасында осыған орай бірнеше талаптар енгізілді. Нақтылап айтар болсақ, бірінші – құқық саласындағы негізгі бағыттар бойынша мамандандырылған судья лауазымына үміткерлерге арналған мамандандырылған біліктілік емтиханын енгізу. Екінші, біліктілік емтиханына қайта жіберу мерзімін 6 айдан 3 айға дейін қысқарту. Үшінші, басқа соттарға үміткерлерді іріктеу кезінде құрамы аз және шалғайдағы соттарда кемінде 5 жыл жұмыс істеген судьялар үшін басымдық белгілеу.Төртінші, судьяларды тәртіптік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерін заңсыз әрекет жасалған күннен бастап – бір жылдан екі жылға дейін, ал анықталған күннен бастап – үш айдан бір жылға дейін ұлғайту. Бесінші, Жоғары Сот Кеңесінің тұрақты мүшелеріне Жоғарғы Сот судьясының жалақысы мөлшерінде жалақы белгілеу.

Депутаттар әріптестерінің бастамасын қолдады. Жиында аталмыш заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасаған Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Арман Қожахметовтың айтуына қарағанда, құжатта айқындалған талаптар судьялар корпусының кәсібилігін, жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыруға бағытталған. Мәселен, судьялардың өзін-өзі басқару органдарының қаражатты бөлуі сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын жұмыс тобында талқылау кезінде тәртіптік іс жүргізу барысында судьяның іс-әрекетін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселелерді облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығару мерзімдерін нақтылау бойынша түзетулер қабылданды. Сондай-ақ, аудандық соттарда тең дәрежелі лауазымдарға кандидаттарды іріктеу кезінде шалғайдағы және құрамы аз соттарда кемінде бес жыл жұмыс істеген су-

дьяның басымдығын нақтылайтын түзетулер енгізілді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қолданыстағы заңнамаларды «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасымен сәйкес келтіруді көздейді. Заңнамалық өзгерістер әкімшілік заңнаманы жетілдіруге, судьялық кадрларды іріктеуге, сондай-ақ, сот жүйесін қаржыландырудың жаңа тәртібін енгізуге бағытталған. Осыған байланысты «Бюджет», «Қылмыстық-процестік», «Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодекстерге және «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңға өзгерістер енгізу қажет болады.

Депутаттар бастамашылығымен дайындалған үшінші құжат «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы. Жалпы отырыста оны қорғаған Парламент Мәжілісінің депутаты Снежанна Имашеваның айтуынша, құжат татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейтуге, дауларды татуластырып аяқтау шарасына халықты неғұрлым белсенді тартуға бағытталған. Мысалы, «Неке және отбасы» кодексіне енгізіліп отырған түзетулер сот тәртібімен некені бұзу туралы рәсімдерді формалды жүзеге асыруға жол бермеуді, алимент бойынша туындайтын дауларды медиатордың көмегімен реттеуге мүмкіндік туғызуды көздейді. Азаматтық процестік кодекске жасалған түзетулер тараптар арасында белгілі бір зат туралы және сол негіз бойынша медиативтік келісім болған жағдайларда талап арызды қабылдауға және сотқа қайтару рәсімдерін жетілдіруге және ажырасу істерін сырттай қарауға жол бермеуге бағытталған. Ал атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға енгізілген өзгерістер медиативтік келісім сот шешімін орындау кезеңінде жасалған жағдайларда азаматтардың атқарушылық іс жүргізу жөніндегі шығыстарын азайтуды мақсат етеді. Сол секілді, «Медиация туралы» заңға жасалған толықтырулар оның 68-бабында көзделген онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстармен және ауыр істердің жекелеген санаттарымен шектелмей, ауыр және аса ауыр істерде де медиацияны қолдануды ұсынады.

Құжатты дайындау барысында елімізде медиация институтын дамытумен жүйелі негізде айналысатын бірде-бір орган жоқтығы да назарға алынып, тиісті уәкілетті органды айқындау және оған осы үшін қажетті құзыреттер беру мәселесін шешу де көзделді. Өз кезегінде медиацияны жүргізу тәртібі мен тәсілін жетілдіру, медиация тараптарының құқықтары мен міндеттерін нақтылау, медиация туралы шарттың нысаны мен мазмұнын, сондай-ақ медиаторлар ұйымының функциялары да белілгенді. Сонымен қатар, қазіргі індеттің таралу қаупі жағдайында медиацияны қолдану аясын кеңейту үшін онлайн-медиацияны дамытуға бағытталған түзетулер бар. Құжаттар бірінші оқылымда мақұлданды, екінші оқылымда қаралуға жіберілді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарағанда әлемде жол-көлік оқиғасынан жыл сайын 1,3 млн-ға жуық адам қайтыс болады. Олардың басым бөлігін – жаяу жүргіншілер, велосипедшілер және мотоциклистер құрауда. Сондай-ақ, жол-көлік оқиғасынан жарақат алатын 20-50 млн адам көп жағдайда мүгедек боп қалатын көрінеді. 5-29 жас аралығындағы балалар мен жастар арасындағы өлімнің басты себебі дәл осы жол-көлік жарақаты болып табылады. Осы арада тағы бір маңызды жағдайды айта кеткен жөн шығар. Әлемдегі автокөлік құралдары паркінің 60%-ға жуығы табыс деңгейі төмен немесе орташа елдерге тиесілі болғанына қарамастан, өліммен аяқталған барлық жол-көлік оқиғаларының 93%-ы соларда тіркеледі екен.

ЖҮРГІЗУШІ ӨЗІНІҢ ҒАНА
ЕМЕС, ӨЗГЕНІҢ ДЕ
ӨМІРІНЕ ЖАУАПТЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясы жол-көлік оқиғаларынан жарақаттанушылар мен қайтыс болатындар санын 2030 жылға дейін екі есеге азайтуды мақсат етіп қоюы сондықтан. Өйткені, жол-көлік оқиғаларының шығыны көптеген елдерде жалпы ішкі өнімнің үш пайызын құрайтын көрінеді. Бұл мәселе бізде әлі толық зерттелмегенімен пандемия жағдайында елді тығырықтан шығарар бір мүмкіндік ретінде қарастырылатын уақыт жеткен сияқты. Себебі, жол-көлік оқиғаларының өлім-жітім статистикасын жүргізетін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «Әлемдегі жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы баяндамасын» («Global Status Report on Road Safety») жариялап жүр. 2019 жылы жарияланған соңғы есеп бойынша 100 мың адамға шаққанда жол-көлік апатынан көз жұму статистикасы әлемде орта есеппен 17 адам. Онда Қазақстанның көрсеткіші (12,7) Қырғызстан мен АҚШ елдерімен бірдей. Бұл көршілес Өзірбайжанда – 6,7 , Өзбекстанда –11,7, Ресейде – 12, Түрікменстанда –13,5, Тәжікстанда –15,7, Қытайда – 17,4, Иранда – 21,5.

Жалпы, жол-көлік қозғалысы туралы айтқан кезде ең алдымен «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» (1994 жылғы 21 қыркүйекте қабылданған), «Автомобиль көлігі туралы» (2003 жылғы 4 шілдеде қабылданған) және «Жол жүрісі туралы» заң (2014 жылғы 17 сәуірде қабылданған) еске түседі. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» заңның 3-бабы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, кемелердің қауіпсіз жүрісін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, шлюздер, әуе қозғалысын басқару органдарының аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ, метрополитен мемлекет меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды. Магистральдық теміржол желісі де жекешелендіруге жатпайды. Алайда онда осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерді қоспағанда, кірме жолдар мен тар табанды желілер, сондай-ақ, автомобиль жолдары мемлекет меншігінде де, жеке меншікте де болуы мүмкін екендігі де көрсетілген. Бүгінгі таңда ақылы жолдардың пайда болуына байланысты жұртшылық арасында түрлі сын-ескертелер көп. Мәселен, Батыс Қытай–Батыс Еуропа бағытының бір бөлігі саналатын ақылы Қорғас–Алматы автожолына

Алматы облысының Ұйғыр, Кеген, Райымбек, Еңбекшіқазақ аудандарының тұрғындары өздеріне таңдау берілмегенін және көп жағдайда артық қаржы шығындауға мәжбүр болып отырғанын айтып та, жазып та, көрсетіп те жүр. Сондай-ақ, ақылы жолдың өзінде қауіпсіздік шаралары барлық уақытта бірдей талапқа сай бола бермейді. Еріген қар мен жауын суынан мұз қаттып, жол тайғанақ болғандықтан жол-көлік апаты орын алған жағдайда құқық қорғау органдары үшін кінәлі тек жүргізуші болып қалуда. Мұның өзі қолданыстағы заңның шикілігі деуге болады.

Осы арада жол-көлік оқиғасы (ЖКО) болған кезде не істеу қажет деген сауалға жауап бере кеткен артық болмас. Электронды үкімет сайтында берілген ресми жауапқа жүгінсек әрбір жүргізуші рөлге отырған кезде өз өмірі және жолаушылар мен жаяу жүргіншілердің өмірі үшін жауапты. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларына (ЖЖҚ) сәйкес жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуші: ЖЖҚ-н 7-бөлімі 2-тармағымен талаптарына сәйкес көлік құралын дереу тоқтатуға (орнынан қозғамауға), авариялық жарық сигнал беруін қосуға және авариялық тоқтау белгісін (жанып-сөнетін қызыл фонарь) қоюға, оқиғаға қатысы бар заттарды қозғамауға; зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін ықтимал шараларды қолдануға, жедел медициналық жәрдем шақыруға, ал шұғыл жағдайларда зардап шеккендерді жол-жөнекей көлікпен жөнелтуге, егер бұл мүмкін болмаса, өзінің көлік құралымен жакын жердегі ем-

деу мекемесіне жеткізуге міндетті.

ЖКО жасаған кезде зардап шеккендер болса және сол кезде жүргізуші мас күйінде КҚ жүргізу, қажетті құжаттардың болмауы сияқты басқа да заң бұзушылықтар жасаса жол-патрульдік полиция қызметкерлері көлік құралын айып тұрағына жеткізуі мүмкін. Басқа жағдайларда жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің автомобилді айып тұрағына қоюға құқығы жоқ.

Жол қауіпсіздігі мемлекеттік деңгейде жоспарланып, кешенді түрде жүргізілмеген жағдайда одан келетін шығынның көлемі қомақты екені БҰҰ деңгейінде айтылып, талқыланып жүргенімен бұл бағыттағы жұмыс әлі бір жүйеге түсе алмауда. Мәселен, 2018 жылдың қаңтарында Ақтөбеде 82 жолаушысы бар автобус өртенгеннен кейін Бас прокуратура тасымалдаушыларға ғана тексеру жүргізді де, заңсыз тасымалдаумен айналысатын жеке тұлғалардың әрекеті назардан тыс қалды. Ал Қазақстан автокөлікшілер одағының мәліметіне қарағанда автобустардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары қалалық жерде жиі кездеседі. Ал бұл мәселені терең зерттеп, жан-жақты қарастырмаған соң өңірлерде қоғамдық көліктердің қозғалысындағы қауіпсіздік мәселесі түпкілікті шешімін таппай отыр. Оны тек автопарктердің мойнына артып қойғанмен ондағы мәселе шешілудің орнына одан ары қордалана түсуде. Конституция бойынша мемлекеттің басты қазынасы адам болып есептелгенімен, оның жол-көлік қозғалысындағы қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейтін болса елдің стратегиялық даму бағдарламасының нәтижелі болуы түйткілді болып қала бермек.

Сіз не дейсіз?

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ, полиция генерал-майоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор:

– Мемлекет жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, яғни жол-көлік оқиғаларын болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға, сондай-ақ, осындай зардаптарды жоюға бағытталған барлық мәселелерді заң аясында орындап, жауаптылық басымдығын ұстануы қажет. Жол инфрақұрылымының қауіпсіз жұмыс істеуін және жетілдіруді жүйелі қамтамасыз ету тиіс.

Жол-көлік оқиғаларын азайту үшін:

1. Жүргізушілердің мінез-құлқы және оның орындалуын жақсарту, яғни көлік құралын басқаратын адамның заңды орындау міндеттілігіне жеке жауапкершілігін арттыру. Оның көлік құралын жүргізу мәдениеттілігі: адал, әдепті әрекет етуге, мұқият және өзара сыйпайы болуға, кедергілер мен қауіп келтірмеуге бағытталуы тиіс.

2. Жол жүрісіне қатысушылардың ешқайсысында Жол қозғалысының ережелерін бұзғаны үшін жазаланбау сезімі болмауы керек.

3. Жолдардың және жарықтандыру сапасын арттыру.

4. Бейнебақылау камераларының жүйесін дамыту және жаңа аумақтар мен жолдардың ең шалғай учаскелерін қамту.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Азаматхан ӘМІРТАЙ, «Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының төрағасы, саясаткер:

– Бұл да жол-көлік оқиғаларына апартатын негізгі себептің бірі болып отыр. Үшіншіден, көлік жүргізу куәлігін беруден бастап, жүргізушінің жол жүру ережелерін сақтауын қамтамасыз етуде заңсыздық көп. Бізде көлік жүргізу куәліктері әлі сатылады. 90 пайыз адам жол жүру белгілерін білмейді, түсінбейді. Ішімдік ішіп көлік жүргізетіндер де аз емес.

Жол-көлік оқиғаларын азайту үшін ең бірінші полициядағы жемқорлықты тоқтату керек. Бүгінгі өздері береді, ереже бұзса айыппұлын кешіреді. Оның түрлі жолдарын жасап алған. Әрине бұдан кейін бақылаудың әлсіз болатыны түсінікті жәйт. Екінші, жемқорлық кесірінен инфрақұрылым да дұрыс жасалмай келе жатыр. Тәртіп қатаң сақталмаған жерде әрине, жол-көлік оқиғаларын азайту қиынға түсуде. Ал оны шешудің орнына, қиындату мәселені одан ары күрделендіретін болады.

Сәбит АМАНБАЕВ, Қазақстан автокөлікшілер одағының атқарушы директоры:

– Ішкі істер министрлігі болсын, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті болсын жол қауіпсіздігі тәртібін бақылай алмауда. Соның нәтижесінде бізде заңсыз тасымалдаушылар көбейіп кетті. Жеңіл көліктер, микроавтобустар, автобустар болсын, олардың иелері жолға шығады да кәсіпкерлікпен айналысады. Медициналық, техникалық бақылау деген оларда жоқ. Жолдағы заңсыз тасымалдаушыларға тыйым салуға көлік инспекциясының шамасы келмей жатыр. Сосын заңды жұмыс жасайтын мекемелерге тыйым салынғандықтан облысаралық байланыста автобекеттер жұмыс жасамайды. Тұрғындар ары-бері жүру керек қой. Сосын заңсыз тасымалдаушылар қызметін пайдалануға мәжбүр болады. Мысалы біздің мемлекетімізде 87 мың автобус тіркелген. Оның 61 мыңы қайда жұмыс жасайтыны белгісіз. Олардың иелері заңсыз жұмыс жасайтындар деп болжауға болады. Сосын, жол-көлік оқиғасына қомақты үлес қосып жатқан бізде қала ішіндегі автобус тасымалдаушылар. Өңірлерде субсидиялау дұрыс жүргізілмегендіктен қауіпсіздік талаптары сақталмайды. Ал оны тиісті деңгейде жүргізу мемлекет қолдауынсыз мүмкін емес.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



АДАМ ҚҰҚЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ КЕПІЛДІКТЕР ЖИЫНТЫҒЫ



Н.БИХАН,
Ақтөбе облысы, Алға аудандық сотының
судьясы

Жаңа заңнаманың қабылдануы елімізде әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі жұмыстарының ұйымдастырылуына, сондай-ақ, қоғамдық қатынастар саласындағы дауларды шешу жөніндегі әкімшілік рәсімдерге бағытталған.

ӘРПК-нің ең негізгі мақсаты – азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен мүдделерін мемлекеттік басқарудың заңсыз әрекеттерінен, олардың әрекетсіздігінен қорғаудың тиімді және ықпалды әдістерін қолдану болып табылады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен мүдделерін мемлекеттік басқарудың заңсыз әрекеттерінен қорғауға бағытталған жаңа кодекстің қабылдануы негізінде, әкімшілік сот төрелігін енгізу, мемлекеттік қызметшілер мен уәкілетті мемлекеттік органдардың өз функциялары мен міндеттерін орындауға, заңдылықты сақтауға, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға, өтініштерге мұқият қарауға, орындаушылық пен іскерлік қызметіне оң әсер етеді деген тұжырым жасауға болады. Яғни, жаңа заңнаманың қолданысқа енгізілуі, біріншіден, азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекітеді. Екіншіден, жоғары тұрған орган мен сотта билік органдары дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік рәсімдегі негізгі ұғымдар қатарына:

- жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ, бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілген арыз немесе шағым;

- арыз – әкімшілік рәсімге қатысушының өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін немесе басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу туралы өтінішхаты қамтылған жолданым нысандарының бірі;

- шағым – әкімшілік рәсімге қатысушының өзінің және басқа да тұлғалардың әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) бұзған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы талабы қамтылатын жолданым нысандарының бірі;

- әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

- әкімшілік орган – Қазақстан заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ, өзге ұйым;

- әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) – әкімшілік органның, лауазымды адамның жария-құқықтық қатынастардағы, әкімшілік акт болып табылмайтын әрекеті (әрекетсіздігі) жатады.

Осы негізгі ұғымдар қатарындағы әкімшілік органға тоқталатын болсақ, әкімшілік орган екі субъектіге, яғни мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілерге бөлінген. Мемлекеттік субъектілер қатарына орталық мемлекеттік органдар және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, жергілікті атқарушы органдар, оның ішінде әкімдер, олардың аппараты, облыстық басқармалар, аудандық, қалалық бөлімдер, ауылдық округі әкімі және т.б. және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары кіреді.

Ал мемлекеттік емес әкімшілік органдар субъектілер қатарына, әкімшілік акт қабылдауға заң тұрғысында өкілеттілік берілген ұйымдар жатады. Мәселен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Республикалық нотариаттық палатасы, Республикалық қорғаушылар коллегиясы, Жеке сот орындаушылар палатасы және тағы басқалар.

«ҚР банктер және банк қызметі туралы» заңына енген өзгерістерге сай банктік қарыз шарты бойынша берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шараларды белгіледі. Ол келесі талапқа сай болуы тиіс және мынадай бірнеше міндетті қадамнан тұрады:

Бірінші қадам – банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей, банк банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыға міндетті түрде келесі мән-жайларды:

- банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша; мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігін;
- банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның банкке өтініш жасау құқығын;
- қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы хабардар етуге міндетті.

Екінші қадам (қарыз алушының біле жүретін бір мәселесі) – Банк қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Үшінші қадам – банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарыз алушы – жеке тұлға банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) баруға және өзінің банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа



Алмагүл СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласының №3 сотының
судьясы

да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша нысанда өтініш не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.

Соның ішінде, қарыз алушы ұсынысында келесі мәселелерді қамтуына болады:

- 1) банктің қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге;

- 2) шет ел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге;

- 3) негізгі борыш және сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға;

- 4) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде

негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

- 5) банктік қарыз мерзімін өзгертуге;

- 6) мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбынын (айыппұлдың, өсімпұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің күшін жоюға;

- 7) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өзі дербес өткізуіне;

- 8) банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) кепіл мүлкін беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

- 9) сатып алушыға банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы.

Төртінші қадам – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде

белгіленген тәртіппен банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға:

- 1) банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;

- 2) банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары;

- 3) банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен хабарлайды.

Бесінші қадам – қарыз алушы-жеке тұлға банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) жоғарыда келтірілген төртінші қадамдағы шешімінің бірін алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде немесе банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы

шешімге қол жеткізбеген кезде бір мезгілде банкті (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымды) хабардар ете отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

Шаралар қолдану туралы шешім қабылдау банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы.

Алтыншы қадам – банктік қарыз шартында қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген жағдайда банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге жол беріледі.

Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым):

- сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге;

- берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақыны, қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

Бұл заң талабы қарыз алушы мен қарыз берушінің құқығын қорғауға бағытталған. Алайда, таяқтың екі ұшы бар сияқты, қарыз қайтарумен ғанибет екенін ұмытпайық.

ҮЗДІК МАМАН — КӨПКЕ ҮЛГІ



Өмірімде жақсы мінезді, жайдары көңілді адамдар аз кездескен жоқ. Өсіресе, өз замандастарымнан гөрі, жас буынның арасында білімді, сабырлы, жан-жақты азаматтар өте көп болған екен. Кейде үлкендер жағы қазіргі жастарға көңіл толмаушылығын білдіріп, «жастар – шыдамсыз, жастар – ұлттық құндылықты қадірлемейді» деп артық айтып жатады. Бүгінде көрмекке білмекке ұмтылатын жастар көп.

Сондай ізденімпаз жандардың бірі – **Деменова Бибігүл**. Ол Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотының кеңсе меңгерушісі. Біздің таныстығымыз 2013 жылы оның облыстық сотқа ауысып келген кезінен басталды.

Сол кезде Бибігүл Көнбайқызы жас маман болса да, әр істе өзінің жауапкершілігін, әрі жылдам қағілездігін көрсетті. Кез келген тапсырманы лезде мұқият орындай қоятын. Өзінің сыпайы жүріп, мәдениетті сөйлеп, талғаммен киінетіні де бірден байқалды.

Міне, енді Бибігүл Деменовамен тергеу сотында да иық тірестіре қызмет атқарудың сәті түсті. Кеңсе меңгерушісі болған соң, соттың істі қараудан басқа жұмысының барлығын өзі атқара беретін. Тергеу соты уақытпен санаспай, материалдардың түсуіне байланысты 24/7 күн бойы жұмыс жасай береді. Кеңсе меңгерушісі де судьялармен қатар, демалыс, кешкі мезгіл деместен қатар жүреді.

Ол облыстық сотқа келгенге дейін 12 жыл Маңғыстау аудандық сотында құжаттама қызметінің маманы, сот отырысының хатшысы болды. Бір аудандық соттың өзінде 5 төрағамен жұмыс жасады. Біз ардагер деп танитын Итемген Орынбай-

ұлының мектебін көрген маман. Оның қатаң тәртібі, талапшылдығы сол кезде-ақ жас маманды шыңдап шығарса керек.

Облыстық сотқа келгенде де бірнеше төрағаның жұмыс тәртібін көрді. Бибігүл Деменова талдау және жоспарлау бөліміне бас маман болып келді де, бірден басшылық үшін статистикалық мәліметтер дайындау, талдау, қураторлық, есеп жүргізу секілді жауапты жұмыстарды орындады. Бұл жұмыстың барлығы да тікелей төрағалардың сұранысымен жүргізілетіндіктен, оның мінсіз атқаруылуы керек те еді. Расында да, өз жұмысын мінсіз әрі жоғары сапада орындағандықтан, Талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы қызметіне көтерілді.

Ал 2018 жылы тергеу соты жаңадан құрылған кезде кеңсе меңгерушісі болып бекітілді. Осы үш жылда ұжымды ынтымақта ұйыстыра отырып, бірде бір рет қызметінің қиындығын білдірген емес. Жаны сондай таза, ісі берекелі, тіпті қолы тиген жұмыстың бәрі жалтырап шыға келеді. Үлкенге құрметі, кішіге ізеті түгесілген емес.

Жиырма жыл сот саласында үздіксіз, абыроймен қызмет атқару, бір де бір рет тәртіптік шараға тартылмау, әр қызмет орнында өз ізін ойып тұрып қалдыру – тек білікті маманның қолынан келсе керек. Бибігүл Деменова орта білімді де, жоғары білімді де үздік дипломмен тәмамдаған. Аудандық сотта қызмет атқара жүріп, талай сайыстың бел ортасынан табылып, 2008 жылы мұрағат қызметі бойынша өткен облыстық байқауда «Құжаттау мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырудың үздігі» номинациясын, 2009 жылы «Жылдың ең үздік сот мәжілісінің хатшысы» сайысында бірінші орынды иеленген.

Бірнеше рет аудан, облыс әкімдерінің, сот төрағаларының алғыс хаттарымен, ҚР Президентінің «Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, ҚР Жоғарғы Сотының I және II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталған.

Өзінің жұмысқа деген жауапкершілігінің осыншалықты жоғары болуын отбасындағы тәртіп пен талаптан деп түсіндіреді өзі. Көп балалы, үлкен әулеттен шыққан әрі лауазымды қызмет атқарған әкесі қатаң тәртіпке шақырса, анасы біреудің ала жібін аттамай, ешкімге жалтақтамай, ештеңеден дәмеленбей, өзіне сенімді болып өсуге баулыған екен.

Бибігүл Деменова осы жақсы қасиеттері мен еңбекорлығының арқасында сот жүйесінің жұмысын төрағамен төрағадай, судьямен судьядай, маманмен мамандай тең дәрежеде атқарып келеді.

Руслан КАБИЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Квaziмемлекеттік сектордың субъектісі ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін теміржол саласының барлық тармақтарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы мәселенің қажеттілігі өзінің маңыздылығын жоймайды. Сондықтан соңғы жылдарды компания адалдық принципі қалыптастыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нәлдік төзімділік таныту аясында өткізуде. Бұл тақырып «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс қызметінің басшысы Ирина КАПАНОВАМЕН сұхбаттың он бойына өзек болып өрілді.

– Ирина Васильевна, «сыбайлас жемқорлық» деген ұғымға қандай түсінік берер едіңіз?

– Сыбайлас жемқорлық – бұл қоғамның, әрбір адамның күш біріктіре отырып тамырына балта шабатын дерт екені сөзсіз. Қоғамды жемқорлық дерттен құтқаруға әр адам өз үлесін қосуы керек деп ойлаймын.

Жалпы, бұл пара беріп, пара алумен ғана шектелмейтін әлеуметтік құбылыс. Бұл құбылыс лауазымды тұлғаның қызметін пайдаланып, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алуы немесе бейберекет жұмсауы; қызметтік өкілеттілігін асыра пайдалану, билігі мен қызметтік өкілеттілігінің шегінен шығу; кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу; қызмет бабында жалған құжат жасау; қызмет бабындағы әрекетсіздік; бұрын

бойынша орташа балл 92%-ды құрады. Ал 60%-дан төмен (ең төменгі шегі) балл жинаған қызметкерлер саны – 172.

Алғашқы байқау сынағы табысты өткен соң, аталған курстар «Кеден-транссервис» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ және «КТЗ Express» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне арнап өткізілді.

Ағымдағы жылдың 15 қазанында курстың қорытындылары да дайын болды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» тақырыбындағы оқыту курсынан 846 қызметкер өтіп, орташа балл 73,5 %-ды құрады. Ал «Әдеп және мінез-құлық кодексі» тақырыбы бойынша 808 қызметкер өтіп, орташа балл 80,8 %-ды құрады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың екінші-үшінші тоқсанында комплаенс қызметі өз күшімен ZOOM бағдарламасының көмегімен ҚТЖ мен еншілес кәсіпорындарының 7 мың қызметкеріне әдеп және комплаенс мәселелері бойынша оқыту курсын өткізді.

Бұдан бөлек, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе және Алматы қалаларында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жолаушылар пойыздарының бастықтарына, өндірістік мәселелер бойынша нұсқаушыларына, учаске бастықтарына арнап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» тақырыбында ішкі оқыту курсын өткізіліп, оған 227 адам қатысты.

Бұған дейін, 2021 жылдың 20 мамырында комплаенс қызметі ҚТЖ мен еншілес кәсіпорындарының лауазымды тұлғаларына арнап «Теміржол көлігіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» тақырыбына дөңгелек үстел



Ирина КАПАНОВА, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс қызметінің басшысы:

«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ»

сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа алу, т.б. жең ұшынан жалғасқан жемқорлық іс-әрекеттерін қамтиды.

Кез келген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет механизмін жетілдіру, оған деген төзбейтін қарым-қатынас қалыптастыру қажет. Бүгінгі таңда бұл жегіқұртпен күресу мақсатында компанияда әр адамның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті, ашықтық пен адалдықты тәрбиелеу сияқты басым бағыттар белгіленген. Аталған аса маңызды әлеуметтік құндылықтарды дамытып, арттыра түсу керек деп есептеймін. Сонымен қатар адамдардың бүгінгі таңда жемқорлықтың жазасыз қалмайтынын түсінгені дұрыс.

– Компанияда жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барысында Комплаенс қызметіне маңызды міндет жүктелген. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берсеңіз?

– Менің ойымша, бұл жерде сыбайлас жемқорлық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Әрине, компаниядағы жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің табысты болуының басты себебі жегіқұртқа қарсы тұру мәдениетін қалыптастыру болып табылатынына еш күмән жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің басты факторы әдеп және комплаенс мәселелері бойынша оқыту болып табылады. Сол себепті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін қалыптастыру және қызметкерлердің ақпараттандырылуын арттыру мақсатында комплаенс қызметі ұдайы оқыту шараларын өткізіп тұрады.

Жыл басынан бері ҚТЖ мен еншілес кәсіпорындарының 12 мыңға жуық қызметкері әдеп және комплаенс мәселелері бойынша оқыту курстарына қатысты. Қызметкерлерді оқыту семинарымен толық қамту үшін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» және «Әдеп және мінез-құлық кодексі» тақырыптары бойынша онлайн курстар ұйымдастырдық. Курс аяқталған соң, қашықтан оқыту және тестілеу жүйесінде орналастырылған тестерді тапсыру қарастырылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» тақырыбындағы оқыту курсы пилоттық жоба ретінде «Магистральды желінің Қостанай бөлімшесі» филиалының барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне арнап ұйымдастырылды. Өткізілген курстың және тапсырылған тесттің қорытындылары жамаң емес. Барлығы 2766 қызметкер курстан өтсе, тестілеудің қорытындысы

өткізген болатын. Оған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің өкілдері шақырылып, олар қатысушыларды ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет мәселелері бойынша енгізілген түзетулермен таныстырды.

Дәл осы уақытта ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» заңының активтері мен міндеттемелері бойынша декларация тапсыру туралы талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ, кеңес беріп қолдау аясында комплаенс қызметі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет агенттігінен және ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыстар комитетінен келген хабарламаларды таратты.

Бұдан басқа, серіктесі «Делойт ТСФ» ЖШС-мен бірлесе отырып, «Қазақстан Республикасындағы жалпыға ортақ декларация тапсыру» тақырыбына вебинар ұйымдастырылып өткізілді,

ративтік мобильді қосымшаның пайдаланушылары тарапынан «Комплаенс» модуліне жоғары қызығушылық болғанын айтып өткен жөн. Әсіресе, оның «Бейне» (8000-нан астам қаралым) және «Корпоративтік құжаттар» (5000-нан астам қаралым) бөлімдері жиі қаралған.

Аталған модульдің жұмысы туралы қорытындылар компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет, әдеп және мінез-құлық нормалары бағытындағы басты мақсаттарын жеткізу үшін енгізілген цифрлық тұғырнаманың сұранысқа ие екендігін көрсетеді деп ойлаймын.

Сондай-ақ, компания қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы ақпараттандыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның корпоративтік сайты арқылы да қамтамасыз етіліп жатқанын атап

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды азайту бойынша қолға алынып жатқан шараларға қарамастан, нормативтік-құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда да, компанияның ұйымдастырушы-басқарушылық қызметінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері әлі де бұрынғыша жоғары деңгейде екендігін көрсетті, оларды азайту қажет.

айтқым келеді. Комплаенс мәселелері туралы ақпаратпен сайттың «Тұрақты даму» бөліміндегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» қалташасына өту арқылы танысуға болады.

– Компанияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүргізіліп тұра ма?

– Әрине, жүргізіліп тұрады. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрі Канцеляриясының 2021 жылғы 19 наурыздағы тапсырмасын орындау мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы м.а. өкімімен құрылған жұмыс тобы 2021 жылғы 8 сәуір мен 28 мамыр аралығында ҚР агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша «Адал жол» жобалық кеңсесі өкілдерінің қатысуымен ҚТЖ мен еншілес кәсіпорындарының қызметіндегі сыбайлас

жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды азайту бойынша қолға алынып жатқан шараларға қарамастан, нормативтік-құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда да, компанияның ұйымдастырушы-басқарушылық қызметінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері әлі де бұрынғыша жоғары деңгейде екендігін көрсетті, оларды азайту қажет.

Жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қызмет көрсету барысында, сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде, қызметкерлерді басқару және келісімшарттарды орындау ісінде анықталған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою бойынша нақты іс-шаралар жоспары жасалды. Біздің қызметіміз тоқсан сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған іс-шаралардың орындалуы мен тиімділігін бағалауға мониторинг жүргізіп отырады.

Қазіргі таңда ҚР агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша «Адал жол» жобалық кеңсесі өкілдері мен бизнес-процесс иелерінің қатысуымен үлкен жұмыс атқарылды. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай тудыратын дискрециялық өкілеттіліктер мен нормаларды алып тастау, жауапкершілікті күшейту және бақылау процедураларын енгізу мақсатында ішкі құжаттарды өзектілендіру жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек, салалық министрліктер мен ведомстволарға кіреберіс жолдардың қнылысуының техникалық шарттарын беру және жобалық құжаттарға келісім алу процесін автоматтандыру; ҚР ИИДМ бекітіп қойған Жүк тасымалдау ережелеріне вагондарды жинау және тапсыру бойынша қызмет көрсету кезінде қағазсыз технологияны қолдану мүмкіндігі бойынша өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жолданды.

Сондай-ақ, сатып алу рәсімінің ашықтығын арттыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық комиссиялардың отырыстарын өткізуге арнайы кабинет ашылды. Кабинеттің жұмыс тәртібіне орай отырыстардың дыбыс-бейне-жазбасы жасалып, есепке алу, тіркеу және сақтау қарастырылған. Кабинет конкурстық комиссияның сенімді және білікті жеткізушілерді тартуға, сатып алу ережелерінің бұзылуына жол бермеуге, сатып алу рәсіміне қатысуға тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге

бағытталған жұмысын тиімді жүргізуге қажетті құралдармен жабдықталған. Конкурстық комиссиялардың отырыстарын өткізуге арнайы кабинеттер теміржолдың еншілес ұйымдарында, өңірлік бөлімшелерінде де ашылған. Бұдан бөлек, әлеуетті контрагенттердің азаматтық-құқықтық жағдайы мен іскерлік абырой-беделін, сондай-ақ компанияның лауазымды тұлғаларының оларға қатыстылығын тексеру рәсімдері енгізілген. Бұл жұмыс тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

Бір мезетте сатып алуға және келісімшарттың орындалу барысына мониторинг жүргізіледі, дебиторлық қарызының жиналып қалуына байланысты алаяқтық белгілерін, мүдделер қақтығысын, сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға баса назар аударылады. Барлық келісімшарттарға міндетті түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту жазылады.

Бұдан бөлек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша персоналды іздеу, іріктеу, бағалау рәсімдерін орталықтандыру жобасы аяқталды. Жоба периметріне «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның орталық аппараты, барлық филиалдары мен еншілес ұйымдары енгізілген. Орталықтандырылған жұмысқа қабылдау процесіне job-порталға вакансияларды жариялау, түйіндеме скринингі, үміткерлерді бағалау (тестілеу) және конкурстық комиссияларда әңгімелесу өткізу кіреді. Сонымен қатар, конкурстық комиссиялардың отырыстарына тәуелсіз бақылаушылар мен компанияның HR бизнес-серіктестіктері қатысып отырады. Сондай-ақ, әр

үміткермен өткізілген әңгімелесудің бейне/дыбыс техникалық құралдары арқылы жазылып алынады да, әңгімелесудің ашық және объективті өткізілуі бойынша конкурстық комиссиялардың шешімдеріне мониторинг жасау үшін Адами ресурстарды басқару департаментіне жолданады. Сонымен бірге басшылық қызметке үміткерлердің сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстарға, мүдделер қақтығысына қатысының бар-жоғын және ықпалдылығын анықтау үшін міндетті тексеру механизмі енгізілген.

– Компанияда ақпараттандыру арнасы қалай жұмыс істедуде «Қауырт желі» бар ма?

– Иә, компанияда құпия ақпараттандыру арнасы, соның ішінде «қауырт желі» жұмыс істейді. Бұл арналар арқылы қызметкерлер мен үшінші тұлғалар компанияның қызметінің аспектілері бойынша алаңдаушылықтарын білдіре алады. «Қауырт желінің» байланыс телефондары корпоративтік мобильді қосымшаның «Комплаенс» модулінің корпоративтік веб-сайтында, кеңсе ғимараттарында және өндіріс алаңдарында орналастырылған.

Мәселе қарастырылған соң, оның нәтижесі туралы шағым иесіне хабарланады. Мұндай жағдайда компания шағым иесінің аты-жөні құпия болып қалатынына, қызметкерлерді қудалаудан және кемсітушіліктен қорғайтынына, сондай-ақ, мұндайға жол берген тұлғаларға қатысты шара қолдануға кепілдік береді.

Құпия хабарлау жүйесі және шағымданушылардың ақпараттандыру арнасына деген сенімі туралы хабардар болуының артуы себепті арыз-шағымдардың көбейгенін атап айтқан абзал.

Теміржол көлігіндегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген жарияланымдарға тұрақты түрде мониторинг жасалып тұрады. Азаматтардың, қызметкерлердің және заңды тұлғалардың бірде-бір шағымды ескерусіз қалмайтынын айтқым келеді.

Азаматтардың соңғы уақытта бұрынғы жылдарға қарағанда батыл да белсенді бола түскенін атап өткен жөн. Олар шағымдарымен тиісті орындарға жүгінеді, ең бастысы, әрекеттерінің оң нәтижесін көреді!

– Мазмұнды әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұхбатты жүргізген
Әсел ШАЙХЫНОВА

ҚҰЗІРЕТ



Куаныш ПАХЕРҰЛЫ,
Алматы облысы, Қарасай ауданының жеке сот орындаушысы

құқықбұзушылықтарға, мемлекеттік кіріс саласындағы заңсыздықтарға жол берілмеуіне, қылмыстар орын алған жағдайда аталған заңдар аясында өтелмеген қаражатты мемлекет есебіне сай өндіруге жұмыс істейді.

Мемлекеттік кіріске қатысты заңсыздықтар кез келген салада арақидік болса да орын алып жатады. Ол мемлекеттік салықтан жалтару, әртүрлі баждық төлемдерден бас тарту, мүліктік өтемақыларды төлемей, мемлекеттік сатып алуларда заңсыздықтарға жол беру, жеке кіріс көздерін жасыру секілді тағы басқа да заңсыздықтарға жол беру. Бұл тұрғыда мемлекеттік мекемелер, салық комитеттері, құқықтық құзырлы органдар арнайы заңдылықтар шеңберінде жұмыстар атқарып, жеке сот орындаушылары сол заңдылықтардың жүзеге асуына тиісті салық, төлемдердің мемлекеттік кіріс көздеріне түсуіне үлес

да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес атқарушылық әрекеттер жасауға; өзінің кәсіби міндеттерін адал орындауға, жеке адамдардың жеке өмірінің мән-жайларына қатысты құпияны сақтауға міндетті.

Атқарушылық іс жүргізу жөніндегі мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйеде атқарушылық іс жүргізуді, атқарушылық іс-әрекеттерді уақытылы тіркеуді және мүлікті есепке алуды жүзеге асыруға, қаулыларды, актілерді, хаттамаларды және өзге де құжаттарды электрондық атқарушылық іс жүргізуге жүктеуге; уәкілетті органның аумақтық органдарына, республикалық палатаға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарына қаралатын шағым шеңберінде сұратылатын ақпаратты, оның ішінде атқарушылық іс жүргізуді ұсынуға; заңмен көзделген жағдайларда жасалған атқарылған әрекеттер туралы

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС
САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢСЫЗДЫҚТАРҒА
ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың, Салық туралы, Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңның қай қайсысын алып қарасаңыз да, басты негізге алатын міндет – «адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу» – деп көрсетіледі. Бұл заңдардың бәрі өздеріңізге белгілі Ата Заң – ҚР Конституциясынан бастау алған. Демек кез келген мемлекеттік қызметкер, ҚР азаматы осы заңдар аясында өзіне берілген қызметін атқарады. Оның ішінде әрине, алдыңғы сапта жеке сот орындаушылары да тұр. Олар да Қазақстан азаматтары тарапынан жасалатын заңсыздықтарға, оның ішінде мүліктік, жеке

қосады, соның орындалуына қызметтік құзыреттері шеңберінде жұмыс істейді.

Ел заңдарындағы кейбір өзгерістер шеңберінде 2016 жылдан бастап жеке сот орындаушылардың құзыреті кеңейтілді. Бұл олардың құқықтары мен міндеттерін айтарлықтай арттырды. Мысалы, оларға жеке тұлғалардың банкроттердегі шоттары туралы ақпаратты сұрату өкілеттігі берілді. Сондай-ақ, республикалық жеке сот орындаушылары палатасының негізінде біліктілігін мерзімді түрде арттыру талабы бекітілгенді. Осы кезеңдерден бері бұл сала ел игілігіне айтарлықтай өз үлесін қосып келеді.

Мемлекеттік кіріс комитеттері негізінде берілетін жылжымайтын мүлікке төленбеген салықты өндіруде, жеке шоттардағы салықтық төлемдердің жүргізілуіне септесуде, мемлекеттік кіріске қатысты өзге де заңбұзушылықтардың алдын алуда жеке сот орындаушылардың үлесі зор.

Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңда жеке сот орындаушысының міндеттері осы заңның және басқа

республиканың заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті» екендігі айтылады. Бұл мемлекеттік кіріс мәселелерін атқаруда да жеке сот орындаушыларының үнемі назарда ұстайтын қағидаты.

Осы тұста, жеке сот орындаушы есебінде Алматы облысы аумағындағы мемлекеттік кіріс бойынша алынған мөлшерлемелер туралы да айта кеткен жөн болар. Соңғы кезеңдердегі атқарылған есеп негізіндегі көрсеткіштер мөлшері мынадай шекті құрайды. Үкім бойынша салынған айыппұл көлемі – 24 276 97 теңге. Соның ішінде қылмыстық істер негізінде мемлекет есебіне – 96410092 теңге;

мемлекеттік өндіріс, мемлекеттік мекемелер есебіне – 41748333 теңге өндірілуі тиіс болса;

мемлекеттік кіріске алынатын мемлекеттік баж бойынша – 52847409 теңге;

жеке тұлғалардың салықтық қарызы – 405736759 теңгені көрсетсе, сот шешімімен салынған айыппұлдар – 114037110 теңге, құзырлы органдардың шешімі негізіндегі айыппұлдар – 513 551102 теңгені құраған.

2021 жылдың алғашқы тоғыз айлық есебі бойынша өз өндірісіме 2660 іс алынса, оның 1313 орындалып, мемлекеттік кіріске түсуі тиіс 59 576 277 теңгенің 22 620 456 теңгесі өндірілген.

Жеке сот орындаушылары әрқашан мемлекеттік саясат белгілеген «100 нақты қадам» Ұлт жоспары негізінде еңбек етеді. Жеке сот орындаушылардың қызметінің маңыздылығын, әрі қазіргі таңда аса өзекті екендігін соңғы кездердегі елде орын алып жатқан әртүрлі жағдайлар дәлелдеп отыр. Сондықтан да бұл саланың мемлекеттік кірістер мен мемлекеттік салық жүйелерінің заңдылықтарының орындалуына тигізер көмегі ұшан теңіз.

АЙМАҚ

ЖАМБЫЛДА
Қырғыз Республикасының
Талас және Шу облыстарының
күндері өтті

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Жамбыл облысының орталығында Қырғыз Республикасының Талас және Шу облыстарының күндері өтті, деп хабарлайды «Заң газеті» Qazweek.kz ақпарат агенттігіне сілтеме жасап.

«Көне Тараз» этно-мәдени кешенінде қырғыз ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрменкесі өтті. Көрмені Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Қырғызстан Президентінің Шу облысындағы уәкілетті өкілі Әркін Тентішев және Талас облысындағы уәкілетті өкілі Бақытбек Нарбековпен бірге аралады. Әнім түрлерімен танысып, сатушылар мен тұтынушыларды әңгімеге тартты.



– Қазақ пен қырғыз – бауырлас халықтар. Бізді көпғасырлық ортақ тарихымыз, берік достық пен тату көршілік қарым-қатынас байланыстырады. Екі ел арасындағы бірлікті одан әрі нығайта түсу – біздің ортақ міндетіміз. Ежелден келе жатқан дәстүрлі мәдени байланысымызды жалғастыру қажет. Жақында ғана Қырғыз Республикасының Талас облысында өткен дәстүрлі «Ұраным Манас» манасшылар фестиваліне қатысып қайтқан болатынбыз. Бішкекте ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бүгін Сіздер Тараз қаласының тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйладыңыздар. Біздің қарым-қатынасымыз бұдан әрі де тереңдеп, кеңейе беретініне сенімдімін. Өңірлер арасында түрлі салаларда, оның ішінде мәдениет пен сауда-саттықта өзара ынтымақтастықты арттыратын боламыз. Биыл Қазақстан да, Қырғызстан да Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Елдер арасындағы достық біздің ортақ игілігіміз негізінде нығая беруіне тілектеспін, – деді Бердібек Сапарбаев қонақтарға.

Э.Тентішев пен Б.Нарбеков қонақжайлық танытқан жамбылдықтарға ризашылықтарын білдіріп, елдер арасындағы ынтымақтастық қашаннан үзілмей келе жатқанын, одан әрі күшейте түсуге ниетті екендіктерін айтып өтті.

Қонақтар 130,8 миллион теңгені құрайтын 128,6 тонна азық-түлік өнімдерін әкелген. Оның ішінде 21,7 тонна картоп, 19,1 тонна қырыққабат, 15 тонна сәбіз, 2 тонна пияз, 30,1 тонна алма, 40 келі кептірілген жеміс және 0,5 тонна сүт өнімдері бар. Көпжылдық гүлдердің сұрыптары, ағаш көшеттері де тұтынушыларға ұсынылды.

– Үш тоннадан астам көкөніс, бір тоннадан астам картоп әкелдік. Картоптың келісін 130 теңгеден өткердік. Барлығы дерлік екі сағатта сатылып кетті. Мұндай жәрменкелер біз үшін де тиімді, себебі өнімдерімізді делдалсыз тікелей өткіземіз, – дейді қырғызстандық «Ынтымақ» шаруа қожалығының жетекшісі Мәдина Қалыбаева.

Жәрменкеде азық-түліктер нарықтағыдан 10-20 пайызға төмен бағада сатылды.

– Мұнда көкөністер мен жемістер базардағыдан әлдеқайда арзан болған-дыктан, бірден бірнеше келісін сатып алдым. Сапалы өнімді арзан бағада алуға мүмкіндік бергені үшін ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін, – дейді Тараз қаласының тұрғыны Медет Бисембай.

Қырғыз Республикасының шығармашылық ұжымдарының концерттік бағдарламасы шараның сәнін аша түсті.

Қырғыз делегациясы өңірдегі «Super Pharm» ЖШС, көркем гимнастика және үстел теннисі спорт кешенін, «Анаға тағзым» орталығы мен «Тектұрмас» этно-тарихи кешенін аралап, танысты.

БАҚЫЛАУ

Түркістан облысы бойынша ҚАЗЖ департаментіне қарасты Түркістан қалалық пробация қызметінің қызметкерлері 175 адамды тексеріп, 9 құқықбұзушылықты анықтады.

Биыл 1 қыркүйек пен 1 желтоқсан айына жоспарланған «Участке» жедел профилактикалық тексеру шарасы аясында Түркістан облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты Түркістан қалалық пробация бөлімі қызметкерлері, учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп, есепте тұрған сотталғандарды қабылдау жұмыстарын жүргізіп, тәрбиелік мағынада әңгіме жүргізеді.

Аталған шараның басты мақсаты –пробация қызметінің есебінде тұрған қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың және қылмыстың алдын алу мақсатында оларды тіркелу барысында тексеру жүргізіп, кеңес өткізеді. Мұндай профилактикалық шаралар – пробация қызметінің есебінде тұрған, қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың және қылмыстың алдын алу, сондай-ақ



іздеу жарияланған сотталғандардың тұрғылықты жерін анықтау үшін ұйымдастырылып тұрады.

Шара барысында пробация қызметінің инспекторлары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азаматтар мен бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға тартылғандар-

мен де түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Пробация қызметі өз тарапынан қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға кесілгендерді тәрбиелік жолға салып, қайта қылмыс жасауды болдырмау мақсатында жүйелі жұмыс атқарады.

Қазіргі уақытта елімізде пробация

қызметі жүйелі дамып келеді. Бұл – мемлекетіміздің абайсызда қылмысқа ұрынып, жаза басқан азаматтардың қоғамға бейімделіп, қайта қылмыс жасамауына ықпал жасайды. Сонымен қатар, олардың түзелу жолына түсіп еліміздің бір бөлшегіне айналуына жол сілтейді. Пробация қызметі– бақылау, қадағалау ғана емес, ол – тәрбиелік шаралардың жиынтығы.

– Профилактикалық іс-шараның басты мақсаты сотталушыны түзеу, өзге де қылмыстардың алдын алу, адамдардың ой-санасына оң ықпал жасап, азаматтардың қылмысқа бармауына барынша ықпал етіп, қоғамның құқықтық сауатын арттыру. Бірлескен жоспарға сәйкес пробация қызметі мен учаскелік полиция инспекторлары есепте тұрған тұлғаларды тұрғылықты мекенжайы бойынша және жұмыс орындары бойынша тексеріп, профилактикалық әңгімелесулер өткізеді. Бүгінгі күнде пробация қызметінде Түркістан қалалық пробация қызметі бойынша 200-ден астам адам есепте тұр. Оның ішінде 175 адам тексеріл-

ді. Жаза өтеу тәртібін бұзғандар – 9 адам. Учаскелік полиция инспекторы атқарған жұмысы туралы есеп беріп, тұрғындар да сұрақтарын қойды. Олар өздерінің пробация қызметінде жұмыс жасайтын инспекторларына «қанағаттанарлық» деген баға берді. Араласып, мәселелер болып жатса, бірігіп шешеді екен – деді Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің инспекторы әділет капитаны Мәдина Жаксылыкова.

Құқықбұзғандарға жазбаша ескертулер берілді. Аяғын қайта шалыс баса, бұл қоғамнан аластату жазасымен алмастырылады. Тәртіп сақшылары мен пробация инспекторлары пробация қызметінде тіркеуде тұрғандардың құқығы мен міндеттерін айқындап, база бойынша тексереді. Қажет болса кеңес беріп, көмек көрсетеді. Оларға әлеуметтік көмек көрсетіледі. Жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік те беріліп отырады. Жұмыссыздар «Жұмыспен қамту орталығы» арқылы жұмысқа да орналастырылады.

Раушан НАРБЕК

СОТ ПРАКТИКАСЫ

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ

Қылмыстық кодекстің 72-бабына сәйкес, егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танытын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды осы баптың 3,4 және 5 бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхаттарын сот ҚК 72-бабында көзделген ережелердің, ҚПК-нің 51-тарауы 476-480-баптарының және ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының негізінде қарайды.

Соттың сотталған адамның түзелгені туралы тұжырымы өтінішхатты дәл қарау алдындағы уақыт ішіндегі ғана емес, сонымен бірге үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталған уақытын қоса есептегенде оның мекемеде болған бүкіл кезең ішіндегі тәртібі туралы деректерді жан-жақты ескеріп, зерделенуге негізделуі тиіс.

Егер сот сотталғанның заңмен белгіленген жаза мерзімін іс жүзінде өтегенімен қатар, оның жазаны өтеудің режимін қаскөйлікпен бұзбағанын және қылмыспен келтірілген залалды толық өтегенін анықтаса, онда ҚК-тің 72-бабы бірінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес, ол қандай да болмасын қосымша шарттарсыз шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіру туралы өзіне қатысты талап арыз қойылмаған сотталған қаскөйлікпен бұзушылықтар болмаған жағдайда, жаза мерзімінің белгіленген бөлігін өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Көп жағдайда сотталғандар өздеріне қатысты гуманистік актілерді қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінген кезде оң нәтиже күтеді және қылмыспен келтірілген залалды өтеуден құтылып кетемін деп үміттенеді.

Өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартылғаннан кейін ғана олар залалды өтеу бойынша нақты шаралар қабылдай бастайды.

Тұжырымдайтын болсақ, егер сотталған жазаны өтеу кезінде қолданыстағы заңнаманың нормаларын тиісінше сақтаса, жақсы жағынан мінезделсе, жеңілдетілген нормаларға сай залалды өтеген жағдайда сотталғанның өтінішхаты қанағаттандырылуға жатады, ал кері жағдайда қанағаттандырудан сөзсіз бас тартылады.

Практика көрсеткендей, сотталғандардың өтінішхаттарын қараған кезде өтінішхатқа қоса тіркелген материалды және сотталғанның жеке ісін сотталғанның мінездемесінің

жеке істің материалдарына сәйкес келетінін-келмейтінін және оның объективтілігін мұқият зерделеу қажет.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қарау барысында соттар сотталғандардың әрқайсысына қатаң жеке көзқараспен қарауды қамтамасыз етеді және формализмге жол бермейді.

ҚР Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату-дың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 10-тармағына сай, қылмыспен келтірілген зиян (материалдық залал және моральдық зиян) сотталған адамның мүгедектігі немесе оның ауырғаны жұмысқа орналасуға кедергі болуы және т.б. сияқты объективті себептерге байланысты азаматтық талап бойынша өтелмеген жағдайларда, соттың тек осы негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудан бас тартуына негіз болмайды.

Осылайша шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхаттарды қарау кезінде соттар осы мәселе бойынша қолданыстағы заңнаманың талаптарын толығымен орындауда деп есептеуге болады.

Наурызхан ЕРКЕБУЛАН,
Нұр-Сұлтан қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың бас маманы-сот отырысының хатшысы

ПРОБАЦИЯ

КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсан «Пробация туралы» заңы бойынша кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты сотқа дейінгі пробация күдіктілерге, айыпталушыларға ерікті түрде қолданылады. Сотқа дейінгі пробация кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды өкілінің пробация қызметіне өтінішпен жүгінген кезден бастап жүзеге асырылады.

Зайсан АПБ кәмелеттік жасқа толмаған Ә. деген азаматтың үстінен ҚР Қылмыстық кодексінің 107-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғаған. Өз кезегінде Ә. есімді азаматтың анасы пробация қызметіне өтінішпен жүгінуіне байланысты ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық пробация қызметімен әлеуметтік құқықтық көмек шаралары жүргізілді. Аталған әлеуметтік құқықтық көмек іс-шаралары негізінде медициналық көмек және заңгерлік көмек көрсетіліп, сотқа дейінгі баяндама жасалып, ШҚО №1 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына жолданды.

Ж.ДАИРБЕКОВ,
ШҚО Зайсан аудандық пробация инспекторы әділет лейтенанты

ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛІ

Пробация қызметі ең алғаш рет Ұлыбританияда XIX ғасырдың ортасында кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі уақытта бұл жүйе институтқа айналып, Еуропа, Америка, Азия елдерінде кеңінен қолданылып жүр.

Қоғамнан оқшалаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға арнайы әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету туралы бағдарлама құрастырылып, пробация қызметкерлері толық мөлшерде көмек көрсету шараларын жүзеге асыруда. Пробациялық бақылаудың оналтылуы заңды күшіне енген сот үкіміне, қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Пробациялық бақылау қоғамнан оқшалаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға жүргізіліп көмек көрсетілуде. Арнайы бағдарлама жасау арқылы сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек: сотталған адамның денсаулық жағдайы, білім деңгейі және жұмыспен қамтылуы, тұратын жерінің бар-жоғы, сондай-ақ, басқа да мәліметтердің нәтижелері бойынша медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және білім алуда тегін көмек ұйымдастырылады.

Құқықтық көмек көрсету шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың құзыреті шегінде сотталған адамдардың проблемаларын шешу үшін мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету іс шарасы да көзделеді.

Заң немесе сот белгілеген міндеттердің орындалуын пробациялық бақылау орнату арқылы қадағалай отырып, шартты түрде сотталғандардың жалпыға міндетті әлеуметтік, моральдық құқықтық нормаларды сақтауы қамтамасыз етіледі және олардың қайталап қылмыс жасауына жол берілмейді.

Бейбіт ҚУМАРБЕКОВ,
ШҚО Күршім аудандық №2 пробация қызметінің аға инспекторы, әділет аға лейтенанты

ТУРНИР



Дәстүрлі турнир өтті

Алматы қаласында мешіт жамағаты арасында бір айға созылған волейбол турнирі аяқталды. Дін істері жөніндегі басқарма ұйытқы болған бұл шараның актық сынында Бостандық ауданының «Орбита» командасы мен Наурызбай ауданына қарасты «Ибраһим» мешітінің «Энерго» командасы кездесті. Биыл үшінші рет ұйымдастырылып отырған турнирде «орбиталықтардың» мерейі үстем болды. Үздік үштікті Алатау аданының «Нұр-мүбәрәк» волейболшылары түйіндеді.

«Асыл мұра» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған бұл спорттық шараның негізгі мақсаты – мешіт жамағаты арасында дене шынықтыру мен спортты, салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар, исламның дәстүрлі емес ағымының жетегінде жүрген жандарға асыл діннің оң жолын көрсету арқылы бауырға тарту. Жалпы, мұндай шаралар қалада жиі өтіп тұрады. Мәселен, бұған дейінгі футбол турниріне 3 мыңнан астам жамағатшылық қатысқан болатын», – дейді ұйымдастырушылар өкілі Азиз Тастаев. Оның айтуынша, енді келесі шара «Рухани келісім күніне» арналмақ. Онда жарысқа қатысушылар: арқан тарту, армрестлинг, кір тасын көтеру, қошқар көтеру, асық ату, петанк, допты қақпаға тебу секілді спорт түрлерінен бак сынамақ.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨРТУРАІ

7.Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 28 қазанда заңды күшіне енген 22.09.2021 ж. шешімімен «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі – Компания) қатысты тартату өндірісі қозғалды. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасы орынбасарының 2021 жылғы 28 қазандағы № 342 бұйрығымен төраға С. Э. Душкина бастаған компанияны тартату комиссиясының құрамы тағайындалды, байланыс телефоны 87773889902, электрондық поштасы user@gic.kz. Компания кредиторларының наразылықтары Тартату комиссиясының төрағасы С.Э. Душкинаның атына хабарландыру баспасөзде жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 122/22, 218 кеңсе. Шағымдарға қойылатын талаптың негіздемесі мен мөлшерін растайтын құжаттарды қоса беру қажет. Шағым егер өзге мерзімдер Компания мен оның кредиторы арасында жасалған шартпен келісімесе, оны алған күннен бастап екі апталық мерзімде қаралуға жатады.

2.Қызылорда облыстық мамандандырылғын ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 19 қазандағы ұйғарымымен «КАЗқұрылыс Сервис» ЖШС-на, БСН 060140015636, қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды. Барлық талап-тілектер мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

6.Еуразиялық өндірістік компаниясы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 100240000770 жарғылық капиталдың азайғаны

туралы ескертеді. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 59 үй.

8.Ақтобе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 28 қазандағы ұйғарымымен «Азия Баканас», ЖШС-не (БСН 110340015516) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Нақты мекенжайы: ҚР, Ақтобе қ., Саздинское лесничество бау-бақша ұжымы, 27 үй.

МҰРАГЕРЛІК

4. 12.05.2021 ж. қайтыс болған Усманов Ергеш Идрисовичтің артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлерге мына мекенжайы бойынша нотариус М.У.Дарибаевке хабарласу қажет. Туркестан қаласы, Тауке хан көшесі, 321. Тел.87766048586.

9. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы, Ақтұма учаскесі мекенжайында тұрған, қайтыс болған Акежанова Аятханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, 116 «А», «Халық банкі» ғимараты, 1-қабат мекенжайы бойынша нотариус Н.Т. Тұрғанға жолығуы керек.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қазақстан Республикасының Нұрлы Жолы Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішова көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор: Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8 (7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

I. Хат

– Димаш, а, Димаш!
Тым-тырыс.
– Ди-ма-аш-ш-ш-ш...
Үн жоқ.
Кемпірдің жарықшақтанған үрей-лі дауысына көршілерінің бірі, пердесі түрулі терезесінің әйнегінен сығалап, екіншісі, балконына шығып, төбе көрсетті.
– Димашты көрдіңдер ме, айналайындар?

Терезеге үңілген адам «о, құдайым-ай, дүниені дүрліктіріп сонша айғайлағандағы іздегені кішкентай Димаш па еді?» деген сияқты әйнекке жабысқан бет-бейнесін әрі тартып, көрінбей кетті. Ал балконның жақтауына бар салмағын салып, төмен қарап тұрған бұйра шаш болса басын самарқау шайқады.

Тапа-тал түсте жым-жылас жоғалған Димашты әжесімен бірге жанұшыра іздеген ағасы Еркебұлан бұл кезде жүгіргеннен жүгіріп отырып мектепке де барып қайтқан.

– Мектеп жақта да жоқ.

Мектеп – Димаштың әжесінің соңғы үміті еді. Сондықтан бойынан әл қашып, екі тізесі бүгіліп, буындары босап кетті. Көңіліне ұялаған күдік пен күмән санасына сан-түрлі сұмдықтарды әкеліп, маңдайы мен жауырынының ортасы терши бастады. Екі аяғы басып тұрған жеріне жабысып қалғандай, қозғала алсашы. Еріндері дір-дір етеді. Немересін жамандыққа қиғысы жоқ.

– Димаш, а Димаш... Көкетайым-ау, қайдасың? Айналайындар-ау, менің Дінмұхамедімді көрдіңдер ме?

Димаштың анасы Әсем «Арай» тігін компаниясының директоры болатын. «Кіші балаңыз ұшты-күйлі жоқ» деген суыт хабарды ести сала, автокөлігімен үйіне жетіп келген. Жаманаттан жаны ышқынып, сопақшалау келген әдемі жүзі қуқал тартыпты. Өшейіннің өзінде желді күнгі жапырақтай қалтырап әрең жүретін кемір келінінің қан-сөл жоқ сұп-сұр реңін көргенде кінәлі адамдай кемсеңдеп, жылап жіберді.

– Еркебұлан екеуміз «Магнумға» барғанбыз. Келсек... Димаштайым жоқ.

Жеті жастағы Димашты мектептен күтіп алу – әжесі Бұлбике мен ағасы Еркебұланның мойнында болатын. Сондықтан кемпір байғұс Димаштың сабақтан кейін ұшты-күйлі жоқ боп кеткеніне өзін айыпты сезініп, тап қазір қара жердің жарығы болса кіріп кетуге өзір.

– О, Құдай, немеремді қауіп-қатерден аман қыла гөр! Оны алғанша, мен сықылды көрі қақпасты ал! Естимісің, о, Құдай!

Димаштың әкесі Сұлтан ә дегенде не істерін білмей абдырап қалған. Ұсқыны жаман үрейден әйелі Әсем екеуінде өң жоқ. Көрші-қолаң, ағайын-туыс, Димаш пен Еркебұланның дос-жарандарының отбасы дейсіз бе, түгел сүзгіден өтіп, аурухана біткеннің бәріне, тіпті, мәйітханаға дейін қоңырау шалды. Еш жерде жоқ. №13 деген санмен белгіленген (тағдырдың тәлкегін қойсаңшы бұл!) мектеп-гимназияның оқушысы Дінмұхамед Естібаев құмаға сіңген судай жым-жылас. Көрдім-білдім деген пенде жоқ.

Ақыры амалы таусылған ата-ана полиция департаментіне кенжелерінің сабаққа кеткеннен қайтып оралмағанын айтуға мәжбүр болды. Арыз жазып отырған Әсем баласының қазанамасын хабарлап отырғандай сезініп көз жасын тия алсашы. «Ұлымды біреулер өлтіріп кетті-ау» деген жаман ойдан басын ала қашқанымен, көңілі полиция

қызметкерлерінің «табамыз» деген сөзіне иланбай, бордай босай берді. Тобық жұтқандай кеудесіне тұрып қалған күдік тегін емес екен, үйіндегі пошта жәшігінен табылған хатты көріп жаны мұрнының ұшына келді. Есік-терезенің бәрі үңірейе қараған үрей. Бойын әлсіздік жеңген Әсем бұрыштағы креслоға талықсып барып отыра кетті де, оқушы дәптеріне әдемі әріптермен жазылған хатты оқи бастады. Қағаз ұстаған саусақтарының икемге көнбей, дір-дір еткеніне де мән берген жоқ.

Хаттағы сөз даңқты детектив-жазушының кітабынан көшіріп алғандай сауатты. Тілі де жатық. Соған қарамастан белгісіз «автордың» әр

бауыздағандай халге түсірген суық сөздерді оқып Әсем тағы жылады. Енесі болса «әуһ» деп, өксіп-өкісіп қояды.

«Егер Сіз бір шалыс қадам бассаңыз, яғни полициямен жасырын байланыссаңыз, сөйтіп біздің соңымыздан ізге түсу басталса, онда ұлығыздың көз алдыңыздан ғайып болуына өзіңіз кінәлі боласыз.

Оның үстіне Сіздің олармен байланысқаныңызды біз бірден білеміз, ал ондай жағдайда ары қарай не болатынын өзіңіз ойлай беріңіз.

Егер Сіз бәрін біз талап еткендей орындасаңыз, онда сүйік-

ҚАРА ПАКЕТТІН «ҚҰПИЯСЫ» (ДЕРЕКТІ ӨҢГІМЕ)



сөйлемінен тас қабырғадан ұрған ызғардай дене тітіркендірер салқындық сезіледі.

«...Балаңыз сенімді жерде отыр. Оны ұрлаған біз. Егер ертеңге дейін қара пакетке салып, 10 000 және 20 000 теңгелік ақшалармен 500 мың теңге әкеп беретін болсаңыздар, одан артықтың керегі жоқ, балаңызға барлық жағдай жасалады. Тіпті, басынан бір тал шашы түспейді. Ақшаны Тұрар Рысқұлов атындағы саябақтағы «Дельфин» бассейніне күндізгі сағат 15.00-де әкелесіздер. Бассейннің көрермендер шығатын екі баспалдағы бар, соның оң жағындағысымен көтеріліп, пакетті жан-жақтарыңа алақтамай қоясыздар да, жөндеріңізге кетесіздер.

Ал енді ең бастысын еске сақтаңыздар!

Егер Сіз полицияға телефон шалып немесе олармен байланысып, «шу» шығаратын болсаңыздар; егер пакетті алуға барған адамды кімде-кім: күйеуіңіз, ініңіз немесе тағы басқа біреулер аңдатып болса, онда Сіз өз ұлығызды бұдан былай көрмейтін боласыз».

Сөзін мәдениетті мақаммен «сіз» деп бастаса да мақтамен

ті балаңыз Димаш ертең кешке аяқ-қолы дін-аман отбасыңызға оралады.

Осы айтқандарыма келіссеңіз, мына ШАРТТЫ бұлжытпай орындауға тиіссіз.

Бүгін түнде өзіңіз тұрып жатқан үйдегі пәтеріңіздің подъезге жақын орналасқан бөлмесінің шамын 7 рет өшіріп-жағыңыз.

Сізге достық ақыл-кеңесіміз: ақымақтық жасамаңыз. Және соңғы айтар сөзім, ақша салынған пакетке осы хат жазылған қағазды міндетті түрде қосып салыңыз.

Балаңыздың жағдайы жақсы. Уайымдамаңыздар».

Әсем жазықсыз жанға кесілген өлім жазасы туралы үкімді оқып, содан жаны жиіркенгендей қолындағы қауырсын құрлы салмағы жоқ қағазды тыжырына тастай салды да, екі қолымен бетін басып, көз жасына булықты.

– Сабыр ет, Әсем. Димаш аман-есен депті ғой, оған да шүкір.

Сұлтан әйеліне басу айтып жұбатпақ болғанымен, көмейіне кесек сияқты бірдеңе кептелгендей қабағы түйіліп кетті.

Ағайын-туыс, көрші-қолаң жиылып, үй іші абыр-сабыр. Орталарында аһылап-үһілеп жиі күрсінген Димаштың әжесі Бұлбике апай отыр.

II. Тұтқын

– Ур-ра-а-а-а!

Сарт етіп ашылған есіктен бір топ оқушы тысқа жүгіре шықты. Олардың соңынан зілдей сөмкелерін майыса көтерген қыздар көрінген.

Бұлар – Димаштың сыныптастары болатын. Оларды бүгін ерте таратты. Балаларды «уралатқан» әнтек қуаныштың сыры да осы – сабақтан ерте босап шығу еді.

– Димаш, жүр, біраз ойнап қайтайық.

Бұлардың мектептері қаланың қақ ортасындағы әкімдік ғимаратының дәл қасында. Ол жердегі мөлт-мөлт еткен тамшылары аспанға атылған субұрқақтар мен арабы

– Білмеймін.
– Жә, інішек, оны болашақта көре жатармыз. Қазір жағдай былай. Саған бұл жерде жалғыз отыруға болмайды. Мен мамаңның тапсырмасымен келдім. Ол сені Әлия жеңгейдің үйіне апар, сол жерде отыра тұрсын деп тапсырды. Өзі кешке кеп алып кетеді.

– Сіз менің мамамды қайдан та- нисыз?

– О-о, атақты «Арай» комбина- тының директорын кім танымайды! Мен сол жерде жұмыс істеймін. Қане, жүр кеттік, асығыспын.

Димаш бейтаныс жігітпен тез тіл табысып, шүйіркелесіп кетті. Аты – Марат екен.

Екеуі жолай саябаққа соғып, ондағы барлық аттракциондарды тамашалап, компьютерлерде құмары қанғанша ойнады. Өткеншектердің қызығы өз алдына бір төбе. «Тәтті ертегі» кафесіндегі балмұздақтардың түр-түрі мен бал шырын сусын- дарын айтсаңшы, дәмі тіл үйіреді-ау, шіркін!

Сөздің қысқасы, өте көңілді де- малыс болды. Димаш, тіпті, мамасы «апарып сал» деген Әлия жеңгесінің үйіне барулары керек екенін де ұмы- тып кетті.

Сөйтіп олар әрі демалып, әрі се- руендеп дегендей, жаяу-жалпылай отырып «Көктем» аймағындағы Ма- раттың үйінің төрінен бір-ақ шықты.

«Әлия тәтейдің үйіне қашан ба- рамыз?» деген Димашқа «үйге кіріп, кішкене демалып алайық» дей сал- ды Марат. Өңгімешіл, балажан до- сының үнінен ешқандай жамандық байқалып тұрған жоқ. Оның үстіне үйіне келе салысымен Марат Ди- маштың шалбарын тазалап, топы- лиын жалтыратып тұрып шөткілеп, аяқ киім тұратын текшеге апарып қойды. Одан кейін Мараттың ағасы үшеуі тамақтанып алып, компью- тердегі атыс-шабыс ойындарының қызығына кірісті.

Мараттың ағасы – Асқар да аң- қылдаған ақкөңіл кісі екен, Димашқа фотоальбомдарындағы туысқан- дарының суретін көрсетіп, әсерлі сөзімен баурап алды.

– Қазір фотоальбом деген де ескілікті заттардың қатарына енді ғой. Оны, тіпті, ешкім есіне де ал- майды. Ал онда балалық шақтың небір тарихтары сайрап жатыр. Қа- рашы, мына суретте мен Билікелде балық аулап жүрмін. Анау қайықтағы әкем. Қазір жоқ. Көлік апатынан қай- тыс болған.

– Үйде Марат екеуіңіз-ақ тұрасыз- дар ма?

– Жоқ, анамыз бар. Емделіп жа- тыр. Міне, мына суреттегі анамыз Айша.

Солай деді де Асқар қабырғада ілуілі тұған домбыраны алып Ди- машқа:

– Үйренгің келе ме? – деді жылы жүзбен күлімдей қарап. – Егер ондай ойың болса, алдағы уақытта менің домбыра үйрететін үйірмеме қатыс.

Димаш альбомды алып, Марат- тың анасының суретіне байжайлай қарады. «Аналардың бәрі әдемі және бәрі бір-біріне ұқсас болады» деп ойлады ол Айша апайдың су- ретіне қарап отырып.

Марат пен Асқардың мұны жақсы көргендері сонша, теледидардан кино көргісі келсе де, копыютердегі ойындарды ойнағысы келсе де бұ- дан жанына не жақын, көңіліне не қажет екенін сұрап алады. Өзіне де- ген осыншама ықыластан басы ай- налған Димаш ұйқыға жатар кезде, Әлия тәтейі тұрмақ, ата-анасын да, әжесін де, ағасы Еркебұланды да ойлаған жоқ. «Саяхаттың» ұнағаны сонша, «үйге қайтам» деп ағайынды екеудің де мазасын алып, қыңқыл- дамады.

Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ
ТАРАЗ ҚАЛАСЫ.
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Арсен Саттаров 8 705 808 14 31. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Жамбыл облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	

Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамәдиев 8 747 746 49 82.
------------------------	--

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үйі.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zangazet@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №160 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та- лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар- да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31